

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.А. Кипшаков¹, Г.С. Ешенгазина²

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту мен оқытудың тәсілі ретінде білім берудің инклюзивті түрі қарастырылған. Осы оқытуды жүзеге асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін арнайы заманауи технологиялар көрсетілген.

Түйін сөздер: инклюзия, мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім беру, инклюзивті білім беру технологиялары.

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

С.А. Кипшаков¹, Г.С. Ешенгазина²

¹Қарағандық университетінің Е.А. Букетовтың атындағы университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

В статье рассматривается инклюзивное образование как способ развития и обучения детей с ограниченными возможностями. Показаны специальные современные технологии, которые помогают проводить обучение и достигать результатов.

Ключевые слова: инклюзия, дети с ограниченными возможностями, инклюзивное образование, технологии инклюзивного образования.

THE MAIN PROBLEMS OF INCLUSIVE EDUCATION

S.A. Kipshakov¹, G.S. Yeshengazina²

¹Karaganda University named after E.A. Buketov,
Karaganda, Republic of Kazakhstan

The article considers an inclusive form of education as a way of developing and teaching children with disabilities. Special modern technologies are shown that will help to implement this training and achieve the results.

Keywords: inclusion, children with disabilities, inclusive education, inclusive education technologies.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары Қазақстан Республикасының Заңдарында қарастырылған: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы; Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» заңы; Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» заңы.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ ҚР Заңына сәйкес мүгедектігі бар балалар дені сау балалармен тең өздерінің қадір-қасиетін қамтамасыз ететін жағдайларда толымды өмір сүру құқығына ие, білім алуға, мамандық таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметке қатысуға, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік көмек алуға құқылы. Заңнамалық базаның негізгі мақсаты мүгедектігі бар балаларға медициналық, заңдық, әлеуметтік және экономикалық қолдау көрсету болып табылады [1].

Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай

калыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері: әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс; баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады; білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды: адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады; адам сезуге және ойлауға қабілетті; адам қарым-қатынасқа құқылы; барлық адам бір-біріне қажет; білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады; барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді; әрбір оқушы үшін жетістік кежету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру; жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым ісәрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады [2].

Инклюзивті білім беруді дамытудың екі магистральды бағыты: бірінші бағыты – бала дамуындағы психофизиологиялық бұзылыстарды ерте жас кезеңінде (0 мен 3 жасқа дейін) анықтау және түзетушілік-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру; екінші бағыты – мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуде «Кедергісіз аймақтар» құру арқылы жалпы білім беру үдерісіне енгізу.

Оқыту үдерісі - мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке ерекшелігіне қарай оқу бағдарламаларын бейімдеу; жеке білім беру бағдарламаларын құрастыру; мүмкіндігі шектеулі оқушылармен қосымша сабақтар өткізу; түзетушілік-дамытушылық үдеріс; түзетушілік-педагогикалық қолдау; психологиялық-педагогикалық қолдау; жеке түзетушілік-дамытушылық бағдарлама құрастыру; арнайы мектептердің, реабилитациялық және ресурстық орталықтардың логопедтері, психолог, педагог-дефектологтары жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетеді.

Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды сыныпқа отырғызу тәртібі: қайталау стратегиясы: сыныпқа отырғызудың бұл стратегиясында мүмкіндігі шектеулі балаларды бір қатарға отырғызып, онымен педагогтың ассистенті жұмыс жасайды. Ол мұғалімнің айтқанын сол қарқынмен мүмкіндігі шектеулі балаларға қайталайды; бекет: мүмкіндігі шектеулі оқушыларды сыныпқа отырғызудың екінші нұсқасы «Бекет» деп аталады. Сыныпқа отырғызудың бұл тәртібінде оқушыларды деңгейі бойынша «Бекетке» бөледі. Екінші бекеттегі мұғалімнің жетекшілігімен ассистент мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс жасайды; параллель оқыту: Параллельді оқытуда – педагог пен ассистент қатар жұмыс жасайды. Көмекшісі педагогтың айтқандарын тыңдап, оны мүмкіндігі шектеулі балаларға түсіндіреді; топпен жұмыс: Төртінші нұсқа – «Топ» деп аталады. Бұл нұсқаға сәйкес педагог пен ассистент сынып алдында бірге жұмыс жасайды. Педагог сыныпқа түсіндіреді, ал ассистент мүмкіндігі шектеулі оқушыларға қосымша түсіндіреді, толықтырады.

Инклюзивті сыныптарда физикалық ортаның келесі параметрлері ескерілуі қажет: баспалдақтары бар орындарға пандустар орнату; екі жаққа кеңашылатын жарма есік және есіктердің ойықтары, бұл есіктердің ашылып, жабылу жылдамдығы; жиһаздарды таңдау; сыныптағы сөрелер, парталар мен үстелдердің биіктігі; жарықтандыру; ашық кеңістік; көңіл аудартатын факторлар; жаратылыстану бағытындағы пәндерде арнайы құрал-жабдықтардың қолжетімділігі; су ішетін құрылғылардың және мектеп ғимараттарының ойын алаңдары мен спорт алаңдары, мектептің басқа корпустарының қолжетімділігі; қауіпті орындарды анықтау және шартты белгілермен көрсету [3].

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

«Инклюзивті білім беру» (француз тілінен аударғанда «inclusif» «өзіне ендіру» дегенді білдірсе, латын тілінен аударғанда «include» - «ену» дегенді білдіреді) жалпы білім беруді трансформациялау процесі ретінде мүмкіндігі шектеулі адамдар заманауи әлемде өздерін социумға кіріктіре алатындығын түсіну қажет. Аталған трансформация жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық адамдардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған, соның ішінде мүгедек балалардың білім алуына жағдай жасауға негізделген.

Инклюзивті білім беру - қазіргі заманның сәнді үрдісі ғана емес, жалпы білім беру жүйесін дамытудың табиғи және заңды бөлігі, арнайы білім қажеттіліктерін меңгерген, ерекше балаларға білім берудің жалпы тәсілі. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениетникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейді. Іс жүзінде әлемнің дамыған барлық елдерінде бұл жаңа білім беру бағыты қабылданып, енгізілді және инклюзия қоғамның сыйы ретінде ғана қарастырылмай, ЕБҚ балаларға білім беру игілікті іске айналды, бұның өзі арине аз емес.

Инклюзивті білім беру бұл балаларды оқытатын, оларды отбасында тәрбиелейтін, олармен бірге оқитын барлық адамдар үшін пайдалы деп түсіндіріледі және жүзеге асырылады, азаматтық қоғамда тең құқықтарын, әр адамның еркіндігі мен ар-ожданын, адамгершілік құндылықтарын тәжірибеде қолдану мүмкіндігі болып табылады.

Бүгінгі таңда инклюзияны немесе білім беру ортасына кіріктіруді, ерекше қажеттіліктері бар балаларды басқа дамуы қалыпты оқушылармен бірге оқыту деп те атауға болады. Ерекше білім алуы қажет ететін балалар осындай тәжірибе арқылы басқа балалармен араласады, өседі, дамиды және қалыпты білім беру мекемесіне барып, онда өз достарын табады [4]. Жалпы айтқанда, барлық балалар сияқты өмір сүреді. Бұл идеяның ерекшелігі, ерекше қажеттіліктері бар балалар сапалы білім алып және қоғамда психологиялық бейімделу үшін басқа балалармен белсенді түрде бірлесіп әрекет етуі керек. Бұндай қарым-қатынас олардың дамуында немесе денсаулығында ешқандай шектеу жоқ балалар үшін де маңызды. Бұның барлығы инклюзивті білім берудің, кіріктіріп оқытудың рөлін арттырады және ЕБҚ балалардың әлеуметтену мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектеседі.

Әдебиеттер:

1. «Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту». – Астана: Юнисеф, 2014.
2. З.Ү. Адильшинова, А.М. Сугуралиева. «Инклюзивті оқыту». – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.
3. Н.М. Назарова, Т.Г. Богданова, А.А. Гусейнова. «Педагогика инклюзивного образования. Учебник». – М: ИНФРА-М, 2019.
4. Білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019.

Сведения об авторе (авторах):

С.А. Кипшаков, Г.С. Ешенгазина - Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

Китанова Т.К.

*«Батыр» санаторлық бөбекжайы ҚММ
Қарағанды қаласы*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ТЕАТРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.